

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ХИМИЯ МАМАНДЫҚТАРЫ БОЙЫНША ЖОҒАРЫ БІЛІМ АЛУҒА ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ ТУРАЛЫ

ОҢҒАРБАЕВ Ердос,

*Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың химия және
химиялық технология факультетінің деканы*

Елімізде химия және химиялық технология бағытында мамандар негізінен төрт мамандық: «химия» (жаратылыстану бағытындағы), «бейорганикалық заттардың химиялық технологиясы» (БЗХТ), «органикалық заттардың химиялық технологиясы» (ОЗХТ) және «химия» (педагогикалық) мамандықтары бойынша даярланады. Осы мамандықтарды бітіруші түлектер химик, химик-технолог, химия пәнінің оқытушысы ретінде қызмет атқарып, кәсіптерін осы саламен байланыстырады. Бұл кәсіп иелерінің еңбегі химия өнеркәсібіне ғана емес, металлургия, фармацевтика, құрылыс, мұнай өндіру, ауыл шаруашылығы, экология және басқа да салаларға қажет. Жалпы кез келген өнім мен тауар шығаратын кәсіпорын химик-мамандардың қызметіне жүгінеді. Жер қойнауынан Менделеев кестесінің барлық элементтері табылатын минералды шикізатпен қатар, көмірсутек шикізатына да бай еліміз үшін химия саласының мамандарының қажеттілігі күн тәртібінен түспек емес. Оған елімізде жүзеге асырылып жатқан Мемлекеттік индустриалды-инновациялық бағдарламаның аясында жаңа кәсіпорындар мен цехтардың ашылуы серпін беріп жатқаны сөзсіз.

Жыл сайын аталған мамандықтар бойынша мамандар даярлау үшін республика бойынша 700-ден аса мемлекет есебінен грант бөлінеді. 2017 жылы химия және химиялық-технологиялық мамандықтарға жалпы 690 грант бөлінсе, химиядан педагог-мамандар даярлау үшін 470 грант бөлінді. Бұрын осы бағыттағы мамандықтарға жоғары оқу орнына оқуға түсу үшін профильдік пән ретінде тек «химия» пәнін таңдау ғана қажет болатын болса, осы жылы Ұлттық бірыңғай тест форматының өзгеруіне байланысты «химия» пәнімен қатар, «химия», «БЗХТ» және «ОЗХТ» мамандықтары бойынша екінші таңдау пәні ретінде «физика», педагогикалық «химия» мамандығы бойынша «биология» пәні ұсынылды. Жаратылыстану және техникалық бағыттағы салалар үшін физиканың, педагогикалық сала үшін биологияның екінші профильдік пән ретінде таңдалуы заңды құбылыс ретінде қабылданғаны рас. Бірақ, мектеп түлектеріне химия пәнімен қатар, физика пәніне де дайындалып, тест тапсыру қиындық туғызғандығын, осыған байланысты талапкерлердің басым бөлігі химия мен биология пәндерін таңдап, негізгі химиялық мамандықтар бойынша осы жылғы гранттың игерілмегені осыған дәлел болады.

2017 жылы химия және физика пәндерінің жұбын еліміз бойынша 353 талапкер ғана таңдап, олардың 225-і ғана грант иегері атанды, яғни «химия», «БЗХТ», «ОЗХТ» мамандықтарына бөлінген 690 гранттың 32,6% ғана игерілді. Талапкерлердің басым бөлігінің химия мен биология жұбын таңдауы осы пәндерді тапсыру арқылы оқуға түсуге болатын мамандықтар санының көптігімен түсіндіріледі, олар медициналық, биологиялық және аграрлық салаларды қамтиды.

